

Салалас құрмалас сөйлем

Құрмалас сөйлем — екі немесе бірнеше жай сөйлемнен құралып, күрделі ойды білдіретін, мағыналық жағынан өзара байланысты біртұтас сөйлем.

Құрмалас
сөйлем

```
graph TD; A[Құрмалас сөйлем] --> B[Салалас құрмалас сөйлем]; A --> C[Сабақтас құрмалас сөйлем]; A --> D[Аралас құрмалас сөйлем];
```

Салалас
құрмалас
сөйлем

Сабақтас
құрмалас
сөйлем

Аралас
құрмалас
сөйлем

Құрмалас сөйлемнің белгілері:

1. Кем дегенде екі жай сөйлемнен (синтаксистік компоненттен) құралып, әр сөйлемінде предикаттық қатынас болады. Кей жағдайда бастауыш айтылмағанымен, баяндауыш арқылы білініп тұрады. Ал құрмалас құрамындағы жай сөйлемнің әрбірінде баяндауыштың болуы міндетті;
2. Жай сөйлемдер белгілі бір тәсілдер — баяндауыш формалары және шылаулар арқылы байланысқа түседі;
3. Негізгі компоненттер — жай сөйлемдер мағынасы жағынан логикалық байланыста болып, біртұтас күрделі ойды білдіреді.
4. Құрмалас сөйлем компоненттерін өзара байланыстыруда интонацияның да айрықша қызметі бар. Алғашқы компонент аяқталмаған, ұласпалы интонацияға ие болады да, соңғысы аяқталған тиянақты интонацияда келеді.

Байланысу тәсілдері:

1. Интонация арқылы іргелесе байланысады. Мысалы: Кездесу аяқталды, қатысқандар тамаша әсермен тарады.
2. Жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Мысалы: Арнайы баруды жоспарлаймын, бірақ еш реті келмей-ақ қойды.
3. Құрмаластың құрамындағы жай сөйлемнің баяндауышы тиянақсыз тұлғада келіп, келесі жай сөйлеммен ұласпалы түрде, құрмаласа байланысады. Мысалы: Ащы дауыс бәріне анық естіліп, көздеріне үрей тұндырды.

Салалас құрмалас сөйлем – құрамындағы жай сөйлемдері салаласа байланысқан құрмаластың түрі. Салалас құрмалас сөйлем баяндауыштары тиянақты тұлғада келіп, бір-бірімен тең дәрежеде байланысады. Салалас құрмалас сөйлемнің жай сөйлемдері өзара мағыналық тұтастықта болып, интонация (жалғаулықсыз) және жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Жалғаулықсыз (іргелес байланысқан) салалас мезгілдес, себептес, қарсылықты, түсіндірмелі, шартты, салыстырмалы түрлерге жіктеледі.

Құрамындағы жай сөйлемдерінің мағыналық қарым-қатынасына қарай салалас

құрмалас сөйлем 6 түрге бөлінеді:

- 1) **ыңғайлас** салалас, 2) **себеп-салдар** салалас;
- 3) **қарсылықты** салалас, 4) **кезектес** салалас,
- 5) **түсіндірмелі** салалас; 6) **талғаулы** салалас.

1. Ыңғайлас салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің бірінде айтылған ой мен екіншісіндегі ой мезгілдес, бағыттас, ыңғайлас мәнде айтылады.

Мысалы, *Төлеутай әскерге кетті де, содан қайтып оралмады.*

Ыңғайлас салалас құрмаластың құрамындағы жай сөйлемдер да, де, та, те, және, әрі деген ыңғайлас мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысса, **жалғаулықты ыңғайлас салалас** деп аталады.

2. Себеп-салдар салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысының, соңғысы алдыңғысының себебін білдіріп тұрады. Мысалы, *Көмекші жігіт қойларды ерте айдап әкелінті, себебі күннің арты бұзылып келе жатқанын байқайды.*

Себеп-салдарсалалас құрмаластар **жалғаулықты және жалғаулықсыз** болып бөлінеді. Себеп-салдар салаласты байланыстыратын жалғаулық шылаулар: **себебі, өйткені, сондықтан, сол себепті, неге** десеңіз.

3. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдердің біріндегі іс-оқиға екіншісіндегі іс-оқиғаға қарама-қарсы болады. Қарсылықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бірақ, алайда, дегенмен, сонда да, әйтсе де деген шылаулар арқылы байланысса, жалғаулықты қарсылықты салалас деп аталады. Мысалы, *Ауырғанда жаным көзіме көрініп барады, бірақ анамды қинағым келмейді.*

4. Құрамындағы жай сөйлемдердің алдыңғысы соңғысын нұсқап, ал соңғысы алдыңғы сөйлемнің мағынасын ашып, түсіндіріп тұратын құрмаластың түрі түсіндірмелі салалас деп аталады. Түсіндірмелі салаластың құрамындағы жай сөйлемдер жалғаулық шылаусыз, іргелес тұрып байланысады да, арасына қос нүкте қойылады. Мысалы, *Ернеудің бір айналма тұсында із екі айырылды: бірі ернеуді бойлап ілгері кетті, екіншісі төмен қарай түскен.*

Түсіндірмелі салаластың бірінші жай сөйлемінің баяндауышының құрамына **сол, сонша, соншалық, сондай** деген **сілтеу есімдіктері** қатысса, екі жай сөйлемнің аражігіне **сызықша** қойылады.

5. Құрамындағы жай сөйлемдерде айтылған іс-әрекеттің біреуі ғана жүзеге асатынын білдіретін салаластың түрі талғаулы салалас деп аталады. Талғаулықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер тек жалғаулықты шылаулар арқылы байланысады да, арасына үтір қойылады. Талғаулықты салаластың құрамындағы жай сөйлемдер не, немесе, я, яки, не болмаса, я болмаса, болмаса, әйтпесе, әлде деген талғаулық мәнді жалғаулық шылаулар арқылы байланысады. Мысалы, *Бұл жолы құрбысымен не ит жығыс түседі, не болмаса оны жеңуге тырысады.*

6. Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдері айтылған іс-әрекеттің кезектесіп жүзеге асуын көрсетеді. Кезектес салаластың құрамындағы жай сөйлемдер бірде, біресе, кейде деген кезектес мәнді жалғаулық шылаулар арқылы тек салаласа байланысады да, араларына үтір қойылады. Мысалы, *Бірде желбіреген ақ сәулелі дала кездеседі, кейде қызыл бұйра тобылғылы адырлар ұшырасады, біресе көкала қамысты көлдер кездеседі.*

№	Түрлері	Жалғаулықтары	Тыныс белгісі
1	Ыңғайлас салалас	<i>Және, да, де, та, те, әрі.</i>	Үтір
2	Қарсылықты салалас	<i>Бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсе де.</i>	Үтір, үтір мен сызықша
3	Түсіндірмелі салалас	<i>Жалғаулығы жоқ. Сонша, сондай, сол, соншалық, мынау, мынадай сілтеу есімдіктері арқылы байланысады.</i>	Қос нүкте, сызықша
4	Себеп-салдар салалас	<i>Өйткені, сондықтан, себебі, сол үшін, сол себепті, неге десеңіз, т.б.</i>	Үтір, қос нүкте немесе сызықша
5	Талғаулы салалас	<i>Не, немесе, я, яки, болмаса, әйтпесе, не болмаса, әлде. я болмаса</i>	Үтір
6	Кезектес салалас	<i>Кейде, бірде, біресе.</i>	Үтір